

***«Балабақша жағдайына балалардың
психологиялық бейімделуі»
(ойын жаттығулар)***

Педагог – психолог: Д.Р.Садыкова

Балабақша жағдайына бейімделу кезеңінде балалардың жаңа ортаға тез әрі жеңіл үйреніп кетуі үшін арнайы ойын жаттығуларын қолдану өте тиімді. Мұндай жаттығулар баланың эмоционалды жағдайын реттейді, қорқыншын сейілтеді және жаңа ортаға сенімділікпен қарауға көмектеседі.

«Танысайық!» шеңбер ойыны (3-4, 4-5 жас)

Мақсаты: Бір-бірімен танысу, ұжымдық сенімді ояту.

Өткізілуі: Балалар шеңбер жасап отырады. Әр бала өз есімін айтып, сүйікті ойыншығын, түстерін, тағамын айтады.

Мысалы: «Менің атым – Айым, мен бананды жақсы көрем».

Бұл ойын баланың өзін еркін сезінуіне, топпен жақындасуына ықпал етеді.

«Көңіл-күйді көрсет»(4-5 жас)

Мақсаты: Баланың эмоцияларын тану, оны білдіруге үйрету.

Қажетті заттар: эмоцияны білдіретін смайликтер (қуаныш, реніш, қорқыныш, таңданыс т.б.)

Өткізілуі: Психолог смайликтеді көрсетеді де, «Бүгін өзіңді қалай сезініп тұрсың?» деп сұрайды. Бала өз көңіл күйіне сай суретті таңдайды және не себепті солай екенін түсіндіреді.

«Сиқырлы орындық»(5-6 жас)

Мақсаты: өзін бағалауға, жағымды қасиеттерін тануға үйрету.

Өткізілуі: Бір орындық ортаға қойылады, бір бала келіп отырады, қалған балалар оған жылы, жағымды сөздер айтады.

Мысалы: «Айдана- өте мейірімді қыз», «Еркін – ақкөңіл дос».

Бұл ойын баланың өзін-өзі бағалауын арттырады.

«Кім не істейді?» қимыл ойыны(3-4 жас)

Мақсаты: назарын шоғырландыру, тыңдау дағдысын дамыту.

Өткізілуі: Психолог сөзі: «Қоян секіреді», «Құстар ұшады», «Аю күркіреді» деген сияқты сөйлемдер айтады. Балалар сол жануардың қимылын көрсетеді. Тез реакция, есту арқылы әрекет ету дағдысы дамиды.

«Үйшігіме кір» жаттығуы (3-5 жас)

Мақсаты: қауіпсіздік сезімін қалыптастыру

Қажетті заттар: үлкен шеңбер немесе құрылған «үйшік».

Өткізілуі: балалар музыкамен еркін жүреді, музыка тоқтағанда әркім өз үйшігіне (шеңберге) кіруі керек.

Психолог: «Үйшігің жылы ма?» деп сұрайды. Бұл жаттығу балаларда қауіпсіз орта сезімін тудырады.

«Дос болайық!» серіктес ойыны(5-6 жас)

Мақсаты: серіктес, досық қарым-қатынас орнату.

Өткізілуі: Балалар жұпқа бөлінеді. Бірі – «соқыр», бірі- «жүргізуші». Көзі жұмылған «соқырды» екіншісі қолыан ұстап жүреді.

Сенімділік пен өзара көмек сезімі дамиды.